

«Самұрық-Қазына»  
басшысы Қаражанбас  
кен орнында болды

3

Атырау жанармайы –  
Еуропа нарығында

5

Со славным юбилеем,  
CASPI BITUM!

8

Барлаушы геолог  
Әділ Нұрмановқа  
құрмет көрсетті

9

[munailymeken.kz](http://munailymeken.kz)

# Munaily meken

№ 11  
Qarasha  
2019 jyl

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ корпоративтік басылымы

Газет 2005 жылдың 29 желтоқсанынан шыға бастады



## ҚМГ және Татнефть Ынтымақтастық жөніндегі жол картасына қол қойды

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Алик Айдарбаев және «Татнефть» ЖАО бас директоры Наиль Наганов «Қазақстан Республикасының мұнай-газ саласына «Татнефть» ЖАО-ның озық тәжірибесін енгізуді қамтамасыз ету жөніндегі жол картасына» қол қойды. Құжат 2020 жылы іске асырылмақ.

Ел астанасында өткен кездесу барысында ҚМГ және «Татнефть» басшылары серіктестікті ұйымдастыру жолдарын, оның ішінде Қазақстанда бірлескен кәсіпорын құру мәселесін талқылады.

Тараптар Татарстан мамандары ҚМГ-ның қолданыстағы өндірістік жүйесін, процестерді ретке келтірудің тиімділігін талдайды; ұңғымаларды күрделі жөндеу супервайзингін енгізу, диагностика мен ақауларды анықтау, экологиялық аудит жүргізу жұмыстарын ұйымдастыру мәселелері бойынша кеңес береді деп келісті.

Күрделі шығарылатын қорлары бар кен орындарды игеруде мол тәжірибе жинаған «Татнефть» компаниясы «Шығыс Молдабек» учаскесінде SAGD жүйесінің технологиялары бойынша тұтқырлығы жоғары мұнай игеруді ұйымдастыру саласында ұлттық оператормен өзара ықпалдастықты бастайды.

Жол картасы шеңберінде ҚМГ ескірген кен орындары туралы геологиялық, технологиялық және экономикалық ақпарат ұсынғаннан кейін ғана оларды игеруге «Татнефть» компаниясын қатыстыру туралы мәселе қаралады.

«Қол қойылған Жол картасы біздің ынтымақтастығымызды жаңа деңгейге шығаратынына сенімдімін. Құжат екі елдің мұнай-газ компаниялары арасындағы қарым-қатынастың одан әрі нығаюына септігін тигізеді» – деді ҚМГ басшысы Алик Айдарбаев.

Еске сала кетейік, 2019 жылдың 10 шілдесінде ҚМГ және «Татнефть» арасында Өзара түсіністік туралы меморандум жасалды. Меморандум ынтымақтастықтың болжамды бағыттарын белгілейді. Жол картасы екі компания ниетінің орынды жалғасы болып табылады және өзара іс-қимылдың негізгі салаларын нақтылай түсті. **MI**



Тағайындау

**НҰРҒАЛИЕВ  
Қуанышбай  
Жәумітбайұлы**



«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының мұнай және газ өндіру жөніндегі басқарушы директоры (техникалық директоры) болып тағайындалды.

### Өмірдерек

Қуанышбай Нұрғалиев Қарағанды Мемлекеттік техникалық университетін, Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетін тәмамдаған. Мәскеудегі «МИРБИС» институтының «Мұнай-газ бизнесін басқару» мамандағы бойынша іскерлік әкімшілік магистрі дәрежесі бар. Еңбек жолын «Өзенмұнайгаз» өндірістік филиалында мұнай және газ операторы болып бастап, одан кейін осы кәсіпорында геолог, жетекші инженер, кен орындарды игеру бөлімінің басшысы, департамент директоры болып жұмыс істеді. Әр жылдары «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ-да кен орындарды игеру департаментінің директоры, өндіріс жөніндегі басқарушы директоры, «Урал Ойл энд Газ» ЖШС бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мұнай және газ өндіру директоры қызметтерін атқарды. «Жер қойнауын барлау үздігі» белгісімен, «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл», «Мұнай-газ кешенін дамытуға қосқан үлесі үшін» медальдарымен марапатталған. **MI**

## Мұнай өндірудің түйіткілді мәселелері талқыланды

Қарашаның 8-і күні Нұр-Сұлтан қаласында «ҚазМұнайГаз» компаниялары тобы өндірістік блогының ұйымдастырумен стратегиялық сессия өтті. Шараға ұлттық компания мен өндіруші кәсіпорындардың басшылары қатысты. Басқосудың негізгі мақсаты – өндіріске жауапты құрылымдық бөлімшелердің осыдан бір жыл бұрын қабылданған ҚМГ Стратегиясын іске асырудың алғашқы нәтижелерін талқылау.

«Біздің алдымызда өндіріс тиімділігін арттыру жөніндегі стратегиялық мақсат тұр. Бірінші кезекте, бұл – цифрлық трансформация, активтер құрылымын оңтайландыру және жаңа операциялық үлгіні қалыптастыру мәселелері. Бүгінгі күні біз бұдан да тиімді, жоғары деңгейде технологиялық жабдықталған, активтер қоржыны икемді, жедел шешім қабылдай алатын, қаржылық тұрғыдан тұрақты және әлеуметтік жауапкершілікті сақтай білген компания болуға ұмтылуымыз қажет», – деді өз сөзінде ҚМГ Басқарма төрағасы Алик Айдарбаев.

Сессия барысында Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары Жақып Марабаев ҚМГ стратегиясын жүзеге асыруға арналған шаралар жоспарымен, оның ішінде мұнай өндіру бойынша қабылданып жатқан бизнес бастамалармен таныстырды. Стратегияға сәйкес өндіріс блогы алдында мұнай өндіру көлемін қарқындату және ұлғайту міндеті тұрғаны айтылды. Осыған байланысты ҚМГ компаниялар тобы өндіру деңгейінің төмендеп бара жатқан кен орындарының сарқылуы мен сулануы мәселесін шешуге тиісті. Бұдан басқа, компанияға өңірлердегі әлеуметтік тұрақтылықты сақтап тұру, елдің ішкі нарығын мұнай, газ және мұнай өнімдерімен қамту міндеттері жүктелген.

«ҚМГ Инжиниринг» ЖШС бас директоры Бақытжан Хасановтың пайымдауынша, мұнайды алу коэффициентінің артуы мен мұнай шығарудың қазіргі заманғы технологиялардың қолданылуы компания өсуінің басты бағытының біріне айналуы тиіс. Бірақ осы міндетті шешу үшін елеулі инвес-



тициялар мен мұнайды алу коэффициентін ұлғайту үшін салынатын инвестицияларға қосымша жеңілдіктер беру жолымен салық жүктемесін азайту қажет. Жобаларды дамыту, соның ішінде күрделі шығындарды қысқартуға мүмкіндік беретін қолданыстағы инфрақұрылымды барынша пайдалану, сондай-ақ жобаларды қаржыландыру үшін инвесторларды тарту алдағы мәселелерді шешуге септігін тигізеді. Активтер қоржынын географиялық жағынан кеңейту, шетелдік жобаларға инвестиция салу, жаңа лицензияларды сатып алу – осының бәрі компания дамуының алғышарттары.

Сонымен қатар, басым бағыттардың бірі – бұл цифровизация. Компания мұнай-газ саласындағы әлемдік көшбасшылардың озық технологиялары мен үздік тәжірибелерін қабылдауға қашанда дайын. Трансформация және цифровизация жөніндегі басқарушы директоры Нұрлан Өтенов «ҚазМұнайГаз» компаниясының цифровизация саласындағы қазіргі жағдайы және алдағы жоспарлары жөнінде баяндап берді. Оның айтуынша, цифровизация – бұл бүгінгі күннің талабы. Компанияның цифрлық трансформация

жөніндегі бағдарламасы осы жылдың жаз маусымында жасақталып, 4 қыркүйекте оны Директорлар кеңесі бекітті.

Н.Өтенов айтып өткендей, компаниядағы трансформация блогының қызметі цифрлық жобаларды іске асыру кезінде жобалау тәсілін қолдана отырып, әдістемелік және сараптамалық қолдауды ұсыну жолымен бизнеске барынша жәрдемдесуге бағытталған.

Сондай-ақ, Нұрлан Өтенов жақын арадағы жоспарларымен бөлісті. Қазіргі уақытта цифрландыру блогы Ұлттық компанияның Цифрландыру стратегиясын әзірлеуге кірісті. Бұл құжат Корпоративтік стратегияны қолдап, цифровизация арқылы ҚМГ-ның стратегиялық мақсаттарына жетуге септігін тигізеді. Соған байланысты, Стратегияны дайындау жұмыстарына ҚМГ-ның барлық бизнес-бағыттарының өкілдері барынша жұмылдырылуы тиіс.

Стратегиялық сессия барысында «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Ембімұнайгаз» АҚ, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ және басқа да өндіруші компаниялардың басшылары сөз алып, кәсіпорындарының түйіткілді мәселелері жөнінде баяндады. **MI**



## «Самұрық-Қазына» басшысы Қаражанбас кен орнында болды

«Қаражанбасмұнай» акционерлік қоғамына қарасты Қаражанбас кен орнында жерасты суын тұщыту зауытының құрылысы басталды. Осыған байланысты «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Басқарма төрағасы Ахметжан Есімов пен «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ Басқарма төрағасы Алик Айдарбаев жұмыс сапарымен кен орнына арнайы келді. Сапар барысында лауазым иелері кен орнында құрылысы басталған жерасты суын тұщыту зауытының іргетасын қалау шарасына қатысты. Сондай-ақ бу өндіру цехы мен жұмысшылар поселкесінің жағдайымен танысты.

Жанкелді ҚАРЖАН

зауыттың маңызы мен мүмкіндіктеріне тоқталды.

– Зауыт құрылысы аяқталып, іске қосылғаннан кейін суды сатып алу қажеттілігі азаяды. Жалпы, тиімділігі ретінде айтарымыз, мұнай өндірісін біршама арттыруға болады. Екіншіден, қазір электр энергиясына, су сатып алуға жұмсалып отырған қаншама қаражат үнемделеді. Яғни, бұл экономикалық тұрғыдан аса тиімді жоба, – деді «Самұрық-Қазына» басшысы Ахметжан Есімов.

Болашақ зауыт мұнаймен бірге шыққан жерасты суын тұщытып, тәулігіне 42 500 текше метр су өндіруге қауқарлы болады. Құрылыс толығымен инвестор қаржысына салынып, оны «ЕвроСтрой-А» ЖШС мердігер ретінде жүргізіп жатыр.

Қаражанбас кен орнындағы жерасты суын тұщытатын зауыттың құрылысы 2020 жылдың соңында аяқталады деп күтілуде. Жобаның жалпы құны 21,4 млрд. теңгені құрайды. Зауыт толық іске қосылған соң ол мұнай өндіру көлемін арттыруға орасан септігін тигізбек. Бүгінде Қаражанбас кен орны күн сайын мұнай өндірісіне қажетті 17 мың текше метр суды Ресейдің Еділ өзенінен жеткізіп пайдаланып отыр. Сонымен қатар, жаңа зауыт жұмысын бастаған соң, Маңғыстау облысындағы су тапшылығы мәселесі де біршама азая түспек. Қонақтарды жергілікті жағдаймен таныстырған «Қаражанбасмұнай» АҚ бірінші вице-президенті Сүйіндік Алдашев



– Зауыт құрылысы өте ауқымды, құрылыстың жалпы аумағы 50 мың шаршы метрден асатын болса, оның 3800 шаршы метрін цех қамтиды. Мердігер мекеме ретінде біздің серіктестік құрылысқа толығымен жауапты. Жұмыс барысында қондырғылар мен қажетті жабдықтар тапсырыс бойынша жеткізілетін болады, – дейді «ЕвроСтрой-А» ЖШС директоры Ризабек Өтегенов.

Сапар аясында Ахметжан Есімов пен Алик Айдарбаев Қаражанбастағы бу өндіру цехының жұмысымен танысты. Мұнай өндірісі үшін бу дайындайтын цехтың әлеуеті туралы «Қаражанбасмұнай» АҚ өндіріс жөніндегі вице-президенті Нұрсейіт Союнов жан-жақты баяндады. Бүгінде бу өндіру цехында бір ауысымда 164 адам еңбек етеді.

Бұдан соң кен орнындағы мұнайшылар қалашығына аялдаған басшылар жұмысшылар үшін жасалған әлеуметтік нысандармен танысты. Оның ішінде жатақхана, мәдени демалыс орталығы, клуб, кітапхана, спорт залы және кен орнының мұражайын аралап, компанияның ішкі тыныс-тіршілігіне куә болды. Бұл сапарда лауазымды тұлғаларға өндірістік басқарма директорының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары Нұрлан Дүйсебеков мәлімет беріп, жұмысшылар қауымына жасалып отырған жағдаймен таныстырды.

А.Есімов пен А.Айдарбаев «Қаражанбасмұнай» АҚ кен орнын аралағаннан кейін компанияның жұмысына жоғары баға берді. **M**

## Майталман мұнайшының атындағы коммуникацияларды дамыту орталығы ашылды

Ғалия ҚАРАЖАНОВА

төрағасының орынбасары Ұзақбай Қарабалин атақты мұнайшы Нұрлан Балғымбаевтың еліміздің мұнай-газ саласын дамытуға қосқан үлесін ерекше атап өтіп, орталықтың ашылуына бастама көтерген Балғымбаевтар отбасына, ұсынысқа қолдау көрсеткен облыс басшылығына барша мұнайшылар атынан алғысын айтты.

Бұдан соң салтанатты шара «Қазақстан тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында нарықтық экономиканың қалыптасуындағы мұнай-газ саласының орны» атты ғылыми-тәжірибелік конференцияға ұласты. ҚР Энергетика министрлігінің бірінші вице-министрі М.Досмұхамбетов мұнай-газ секторының кешегісі мен бүгінгі жағдайына кеңірек тоқталды.

Конференцияда сөз алған «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Алик Айдарбаев Нұрлан Балғымбаев өзінің бар білімін, тәжірибесін еліміздің дамуына арнағанын баяндады.

– Қарапайым мұнайшыдан мұнай министрі,

Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университетінде майталман мұнайшы Нұрлан Балғымбаевтың есімін иеленген коммуникацияларды дамыту орталығы ашылды. Орталықтың лентасын Н.Балғымбаевтың жұбайы Нағима Балғымбаева, Атырау облысының әкімі Нұрлан Ноғаев, «KAZENERGY» қауымдастығы төрағасының орынбасары Ұзақбай Қарабалин, ҚР Энергетика министрлігінің бірінші вице-министрі Махамбет Досмұхамбетов қиды.

Атырау облысының әкімі Н.Ноғаев өзінің құттықтау сөзінде мұнайлы өңірде заманауи орталықтың ашылуы университетке үлкен қолдау болуымен қатар, білім ордасының басшылығы мен оқытушыларына, студенттеріне зор жауапкершілік жүктейтінін айтып өтті.

С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университетінің директорлар кеңесінің төрағасы, «KAZENERGY» қауымдастығы



Үкімет басшысына дейінгі үлкен өмір баспалдағынан өткен Нұрлан Өтепұлының ғибратты ғұмыры туған еліне арналды. Оның өмір жолын өнеге ету, рухына тағзым ету – бүгінгінің парызы! Бүгін ашылып отырған орталық осының бір айғағы десек болады. Мұнда жас мұнайшылар кәсіпті, озық технологияларды меңгеріп қана қоймай, болашақта мұнай қайраткерлерінің қалыптасуына жол салады деп сенеміз, – деді өз сөзінде А.Айдарбаев.

Атырау мұнай және газ университетінің 3-ші курс студенті Заид Нұртас аға буынның өздеріне артқан сенімін ақтау жолында жастар бар күш-жігерлерін жұмсайтындықтарын айтып, жиналғандарға жастардың шексіз алғысын жеткізді. Балғымбаевтар отбасы атынан сөз алған Нағима Балғымбаева орталықтың символикалық кілтін осы оқу ошағының 3-курс студенттеріне табыс етті.

Бұдан соң жиналғандарды орталықтың жұмысымен таныстыру үшін шағын эскурсия ұйымдастырылды.

Үш қабатты ғимараттан тұратын орталық заман талабына сай толықтай жабдықталған. Нақтылап айтсақ, интерактивті мұражай, лингафондық кабинет және оқу залдары, виртуалды кітапхана жасақталған. Интерактивті мұражайда қазақ елінің мұнай-газ саласының тарихы кеңінен көрініс табуымен қатар, болашақтың еншісіндегі ірі жобаларды жүзеге асыру барысы да бейнеленген. Қазақ елінің мұнай-газ саласының қалыптасып, дамуына зор еңбектері сіңген мұнайшылар әулеттерінің есімдері көрсетілген бұрыш та жиналғандарды қызықтырды. Виртуалды кітапхана талай майталман мұнайшы түлеп ұшқан И.М.Губкин атындағы университеті кітапханасының базасына қосылған. Демек, атыраулық студенттер енді Ресей мұнай және газ университетінің электронды ресурстарымен танысу мүмкіндігіне ие болып отыр. Сонымен қатар, атыраулық жастар су астындағы мұнай құбырларын дәнекерлеу үшін виртуалды режим арқылы тәжірибеден де өте алады. **M**

## Lean 6 Sigma жобасының нәтижелері шығарылды

22 қарашада Атырау қаласында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның «мұнайды өңдеу және маркетинг» бизнес-бағытының Lean 6 Sigma III жыл сайынғы конференциясы өтті. Шараға «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясының басқарма төрағасы Алик Айдарбаев, ҚМГ басқарма төрағасының өндіру жөніндегі орынбасары Жақып Марабаев, ҚМГ басқарма төрағасының мұнайды өңдеу және маркетинг жөніндегі орынбасары Данияр Тиесов, сондай-ақ «Газпром нефть», «Теңізшевройл» және «Богатырь Көмір» компанияларының өкілдері қатысты.

Арайлым ҚАБДЕШОВА

«Бүгінгі конференция тәжірибе алмасу, жаңа идеялар мен білім алу алаңына айналып отыр. Бағдарлама жыл сайын өз тиімділігін көрсетіп, өндіріске жаңа жобаларды енгізуге септігін тигізуі мақсатында зауыт басшыларын бағдарламаға жаңа қызметкерлерді тарту жөніндегі жұмысты жалғастыруды шақырамын. «Өңдеу және маркетинг» блогының Lean 6 Sigma жобасын іске асырудағы табысты тәжірибесі басқа да бизнес-бағыттарға таратылуы тиіс», – деп атап өтті А.Айдарбаев.

Lean 6 Sigma әдіснамасы Д.Тиесовтың бас-тамасымен Атырау мұнай өңдеу зауыты мен Павлодар мұнай-химия зауытында 2016 жылғы қыркүйекте ҚМГ бизнесін трансформациялау бағдарламасы аясында енгізілді.

Бүгінгі таңда оған «Caspi Bitum» мен «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» зауыты қосылды. Осы уақыт ішінде 120-дана өндіріс қызметкері «жасыл белдеу» дайындығынан өтсе, енді біреулері жобаларының демеушілері мен қаржылық бақылаушылары жүргізген тренингтерге қатысып үлгерді.

Конференцияда белгілі болғандай, қазіргі уақытта «мұнайды өңдеу және маркетинг»

бизнес-бағытындағы еншілес және тәуелді ұйымдарда барлығы 92 Lean 6 Sigma жобасы енгізілді. Олар өндірістің тікелей шығындарын қысқартуға және қондырғылардың технологиялық режимдерін оңтайландыруға бағытталған.

Осы жобалардың жиынтықты экономикалық тиімділігі 376 млн. теңгені құрады. Атап айтқанда, АМӨЗ мен ПМХЗ-да энергетикалық ресурстарды оңтайландыру жөніндегі 24 жобаны іске асырудан 178 млн теңге пайда түсті. Бағдарламаларды әзірлеп, оларды өндіріске табысты енгізу үшін жобалау командасы біржолғы сыйақы алады. Ал сыйақының мөлшері жобаның экономикалық тиімділігіне байланысты.

2020 жылы мұнай өңдеу зауыттарына әдіснаманы енгізу кезеңі аяқталады. Одан кейін 2021 жылы Lean 6 Sigma бағдарламасын пайдалану кезеңі басталады. ҚМГ басшылығы кәсіпорындарға энергия ресурстарын қысқарту жөніндегі жобаларды жалғастыруды және келесі бағыт ретінде өндірістік процестерді цифрландыру мәселесін қолға алуды тапсырды.

«Өңдеу және маркетинг» секторында Lean 6 Sigma табысты енгізуі нәтижесінде оны ҚМГ-

ның «Мұнай және газ өндіру» компанияларына тарату шешім қабылданды. Тиісті жоба Ұлттық компанияның цифрлық трансформация бағдарламасының қоржынына кіргізілді.

Конференция барысында «жасыл және қара белдіктер» сертификаттарын тапсыру рәсімі, сондай-ақ «Мұнай өңдеу зауыттарындағы Lean 6 Sigma үздік жобасы-2019» номинациясы бойынша жеңімпаздарды марапаттау рәсімі өтті. Осылайша, барлық мұнай өңдеу зауыттары ішінен АМӨЗ жабдықтарының механикалық тұтастығы және бақылау бөлімінің инженері Асқар Сәрсембаевтың жобасы, Павлодар зауытынан күкірт өндірісі және жалпы зауыттық шаруашылық қондырғысының операторы Ернар Тілектесовтың, Шымкент мұнай өңдеу зауытынан бас технолог қызметінің инженері Айгүл Талдыбаеваның, «Caspi Bitum» зауытынан цех басшысы Серік Садықовтың жобалары үздік деп танылды.

Осы қызметкерлердің жобалары нақты экономикалық нәтиже бермек. Алдын ала бағалауға сәйкес 2020 жылы 160 млн. теңге табыс әкеледі. Авторлар Lean 6 Sigma регламентіне сәйкес ақшалай сыйақы алатын болады. **MI**



## «Летающий помощник» нефтяников

Майра ОРАЗМАГАМБЕТОВА

Развитие нового перспективного направления – мониторинга за месторождениями с помощью беспилотных летательных аппаратов, которое позволяет получать пространственные данные об объекте или о местности наиболее экономически и технологически оправданным способом, существенно повысит экономическую эффективность выполняемых работ за счет значительного снижения себестоимости и сокращения сроков производства работ. Так считают специалисты ТОО «Мунайтелеком».

Недавно компания приобрела беспилотный летательный аппарат (БПЛА) Supercam S350, позволяющий выполнять съемку местности с геодезической привязкой к местоположению на Земле. К работе с аппаратом привлечены специалисты из АО НК «КазМұнайГаз», имеющие опыт деятельности в этом направлении.



5 ноября 2019 года специалистами новой Службы информационных технологий, телекоммуникаций и развития был успешно произведен первый пробный запуск и посадка беспилотного летательного аппарата на участке месторождения Жетыбай АО «Мангистаумұнайгаз» в присутствии представителей службы безопасности и техники безопасности, охраны труда и окружающей среды АО «Мангистаумұнайгаз». Полет осуществлялся на высоте 100 метров при сопротивлении ветра 14 м/с. Но, несмотря на неблагоприятные погодные условия, борт был успешно запущен, были произведены снимки территории небольшого участка для дальнейшей обработки в специализированном программном геодезическом обеспечении.

Что представляет собой БПЛА «Supercam S350»? Аппарат может выполнять полеты с высоты от 50 м до 2500 метров – в зависимости от протяженности и площади снимаемой территории со скоростью от 60 км/ч до 130 км/ч. Продолжительность непрерывного полета в воздухе составляет до 4-х часов.

Планируется, что летательный аппарат будет использоваться для постоянного мониторинга объектов инфраструктуры (с возможностью передачи потоковых данных с точки старта БПЛА в корпоративную сеть, основанную на онлайн видеотрансляции). Пространственное разрешение видео не позволяет эффективно выявлять нарушения на трубопроводах, но позволяет оперативно (в режиме реального времени) фиксировать перемещение транс-

порта, крупные порывы трубопроводов и т.п. Применение данной технологии особенно актуально при выполнении экстренных полетов, вызванных природными или техногенными катаклизмами. Экстренные вылеты могут быть выполнены в срок от нескольких минут до нескольких часов с момента получения заявки. Просто необходим БПЛА, в том числе, для обследования линейно протяженных объектов и площадных объектов на удалении более чем 30 км для их одновременной тепловизионной и фотографической съемки. Незаменим беспилотник для обнаружения несанкционированных врезок в трубопроводы по анализу косвенных признаков (следы земляных работ, следы автотранспорта и людей, активность наливного транспорта на прилегающих к нефтепроводам промышленных базах и частных владениях). Выявлять указанные признаки можно при помощи технологии дешифровки.

БПЛА доказали свою эффективность и в сравнении с традиционными методами мониторинга, в том числе при авиационном мониторинге пилотируемой авиацией. Использование БПЛА можно существенно снизить бюджет на дорогостоящие вертолетные облеты, либо увеличить частоту и эффективность обследования без изменения существующих бюджетов. Одним из самых важных преимуществ применения БПЛА является минимизация человеческих рисков за счет отсутствия необходимости нахождения людей непосредственно на обследуемом участке.



Экономически оправдано применение БПЛА для выполнения топографо-геодезических работ, в том числе для создания ортофотопланов местности М 1:500 – 1:10000, построения цифровой модели рельефа местности (ЦМР), векторизации объектов, инвентаризации объектов инфраструктуры месторождений, гео-экологической съемки загрязнений на месторождениях. При этом стоимость ортофотоплана при съемке с БПЛА (в том числе затраты на построение ЦМР и на фотограмметрическую обработку) ниже, а пространственное разрешение на порядок выше, чем при изготовлении на основе космических снимков.

В ТОО «Мунайтелеком» уверены, что сегодня полностью готовы к оказанию услуг по ортофотопланию и фотосъемке с помощью беспилотного летательного аппарата, ведь подготовка к работе и тестирование «летающего помощника» прошли успешно! **MI**

## Атырау жанармайы – Еуропа нарығында



Арайлым ҚАБДЕШОВА

Қарашаның 9-і күні «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС еуропалық нарықтарға 1827 тонна көлемінде К5 экологиялық класты Аи-92 бензинінің бірінші партиясын жөнелтуді бастады. Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі осы мұнай өнімінің экспортына қараша айында зауытқа 35 606 тонна көлемінде квота бөлді. Бұл Қазақстан Республикасының осы айдағы ең ірі партиясы.

Естеріңізге сала кетейік, Қазақстанда 2011 жылдан бастап ашық түсті мұнай

өнімдерін экспорттауға шектеу қойылған болатын. Осылайша, тыйым салынған уақыттан бастап Атырау мұнай өңдеу зауыты ең танымал бензин маркасын шетелге жөнелтуді қайта қолға ала бастады.

Қазіргі таңда жоғары сапасының арқасында АМӨЗ отыны Еуропа елдерінде сұранысқа ие.

Еуразиялық экономикалық одақтан тыс жерлерде К5 класты бензинді өткізу нарықтарының ашылуына «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басқарма төрағасының мұнай өңдеу және маркетингі жөніндегі орынбасары Данияр Тиесовтың жүйелі қызметі

арқау болды. Сонымен қатар зауытты ауқымды жаңғырту кезеңінде салынған мұнайды терең өңдеу кешенінің жаңа технологиялық қондырғылары іске қосылуының арқасында АМӨЗ-де мұнай өнімдерінің сапасы артып, олардың өндірісі ұлғайғандықтан осындай нәтижеге жетіп отыр.

2019 жылдың 10 айында АМӨЗ ішкі нарыққа шамамен 970 мың тонна жоғары октанды автобензин жөнелтілгендігін қаперлеріңізге береміз. Бұл 2018 жылмен салыстырғанда 102% көрсеткішті құрайды. **MI**

## «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясының өндірістік және қаржылық көрсеткіштері

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы 2019 жылдың тоғыз айындағы операциялық және қаржылық нәтижелерін жариялады.

### Өндірістік нәтижелер

#### ■ Өндіру

Есепті кезеңде «ҚазМұнайГаз» компаниялары тобы бойынша мұнай және газ конденсатын өндірудің жиынтықты көлемі 17 593 мың тоннаны (тәулігіне 483 мың баррель) құрап, 2018 жылдың тоғыз айындағы көрсеткішпен салыстырғанда еш өзгеріссіз болды. Ілеспе және табиғи газды өндіру көлемі 2,6%-ға өсті – 6 227 млн текше метр.

Ірі жобалардың (Теңіз, Қашаған, Қарашығанақ) мұнай өндіру көлеміндегі ҚазМұнайГазға тиесілі үлесі 5 992 мың тонна (тәулігіне 175 мың баррель), ал ілеспе және табиғи газ – 4 298 млн текше метр.

Теңіз мұнай өндіру көлеміндегі ҚазМұнайГаз үлесі 4 394 мың тоннаны құрады, бұл 2018 жылдың тоғыз айындағы көрсеткіштен 2,4%-ға жоғары. Газ өндіру 2,4%-ға артып, 2 405 млн м<sup>3</sup> құрады. Өндіру көлемінің ұлғаюы жұмыстың тұрақтылығына және Кешенді-технологиялық желі/шикі газды айдау/екінші буын зауыты сенімділігінің артуына байланысты болды.

Қашаған кен орнында мұнай өндіру көлемі өткен жылдың тоғыз айындағы көрсеткішпен салыстырғанда 6,5%-ға артып, ҚМГ үлесіне 838 мың тонна мұнай тиесілі болды. Табиғи және ілеспе газды өндіру көлемі 9,7%-ға өсіп, 503 млн текше метрді құрады. Мұнай және газ өндіру көлемі 2019 жылдың 14 сәуірі мен 19 мамыры аралығында жерүсті және теңіз кешендерін күрделі жөндеу және пайдалану коэффициентін 98,4%-ға дейін арттыру аясында жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде артты.

Қарашығанақ кен орнында мұнай өндіру деңгейі 8,1%-ға төмендеп, ҚМГ үлесіне 760 мың тонна тиесілі болды. Газ өндіру 1 391 млн текше метрді құрап, 2018 жылдың тоғыз айындағы деңгейден 2,2%-ға төмендеді.



Мұнай мен газ өндіру көлемінің азаюы газ факторының ұлғаюына және ұңғымалардың сулануына байланысты болды.

Операциялық активтердің мұнай өндіру көлеміндегі ҚМГ үлесі шамалы азайып, 11 601 мың тоннаны (тәулігіне 308 мың баррель) құрады. Қазгермұнай және ПетроҚазақстан кен орындарында өндіру деңгейінің сәйкесінше 16%-ға және 14%-ға табиғи жолмен төмендеуі салдарынан операциялық активтердегі өндіру көлемі кеми түсті.



#### ■ ТАСЫМАЛДАУ

Мұнай тасымалдау көлемі өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 5,4%-ға артып, 58 696 мың тоннаны құрады (ҚМГ үлесін есепке алғанда). Мұнай тасымалдау көлемінің негізгі өсуі «Қазақтеңізкөлікфлоты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (ҚТКФ) іске асыратын теңіз тасымалының ұлғаюына байланысты болды.

Есепті кезеңде ҚТКФ тасымалдау көлемі 8 372 мың тоннаны құрады, бұл өткен жылдың

осындай кезеңіне қарағанда 68,9%-ға артық. 2018 жылдың соңында ҚТКФ, ҚМГ және КМГ I арасында жасалған жеткізу және тасымалдау туралы келісімнің нәтижесінде Жерорта және Қара теңіз бойынша мұнай тасымалдау көлемі ұлғайды.

Мұнайды магистральдық тасымалдау деңгейі шамалы азайып, негізінен, мұнай құбырлары жүйесіне Қызылорда облысындағы жүк жөнелтушілерінің мұнай тапсыру көлемінің төмендеуі салдарынан 50 324 мың тоннаны құрады.

ҚМГ магистральдық газ құбырлары арқылы газ тасымалдау көлемі 2018 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда, 11,5%-ға төмендеп, 74 369 млн текше метрді құрады. Магистральдық газ құбырлары арқылы газ тасымалдаудың жалпы көлемінің кемуі, негізінен, «Газпром» компаниясының ресейлік газ ағымдарын қайта бөлу салдарынан газ транзитінің төмендеуіне және Орта Азия газының Қытайға транзиті көлемінің азаюына байланысты болды.

#### ■ Өңдеу

Көмірсутек шикізатын өңдеу көлемі 15 282 мың тоннаны құрады, бұл өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 2,2%-ға артық.

Отандық мұнай өңдеу зауыттарында көмірсутек шикізатын өңдеу көлемі 2018 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 3,1%-ға ұлғайып, 10 201 мың тоннаны құрады. КМГ I зауыттарында 5 081 мың тонна мұнай өңделді, бұл 2018 жылдың тоғыз айының көрсеткішінен 0,6%-ға жоғары.



«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясына қарасты зауыттарда өңделген мұнай өнімдерінің жиынтықты көлемі 2,7%-ға өсіп, 14 310 мың тоннаны құрады.

ҚМГ үлесін есепке алғанда, отандық мұнай өңдеу зауыттарында 9 333 мың тонна мұнай өнімдері өндірілді. Бұл көрсеткіш өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 3,9%-ға өсті.

КМГ I зауыттарында мұнай өнімдерін өндіру көлемі 4 977 мың тоннаны құрап, өткен жылдың тоғыз айының көрсеткішінен 0,6%-ға жоғары болды.

### Қаржылық нәтижелер

2019 жылдың тоғыз айындағы түсім 1,9%-ға төмендеп, 5 128 млрд теңге (13 441 млн. АҚШ доллар) болды.

Таза пайда 794 млрд теңгені (2 082 млн. АҚШ доллар) құрап, 2018 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 22,5%-ға ұлғайды.

ЕБИТА көрсеткіші 2018 жылдың тоғыз айындағы көрсеткішпен салыстырғанда 9,1%-ға өсіп, 1 592 млрд теңгені (4 173 млн. АҚШ доллар) құрады.

Компанияның таза қарызы 2 663 млрд теңгені (6 863 млн. АҚШ доллар) құрады. Бұл 2018 жылдың соңындағы көрсеткіштен 22,9%-ға жоғары болды.

Түзетілген бос ақша ағымы 319 млрд теңге (835 млн АҚШ доллар) болып, өткен жылдың осындай кезеңіндегі көрсеткішке қарағанда 41,8%-ға ұлғайды. **NI**



## Тұрақты даму – біздің стратегиялық мақсатымыз

Жуырда «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы 2018 жылдың Тұрақты даму туралы есебін жариялады. Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласында қызметін қамтитын есептілікті Компания 2008 жылдан бастап жүргізетінін атап өткен жөн. Ал 2012 жылдан бері есепті Жаһандық есептілік ба-стамасына (GRI) сәйкес жариялап келеді. Есепте «ҚазМұнайГаз» компаниялары тобының әлеуметтік, экономикалық және экологиялық салаларындағы қызметінің нәтижелері келтірілген. Атап айтқанда, қауіпсіздік пен еңбекті қорғау, қоршаған орта-ны қорғау, оның ішінде жұмыс орнындағы қауіпсіздік, өндіріс қауіпсіздігі, энергия ресурстарын тиімді пайдалану, экологиялық мониторинг және т.б. мәселелер қамтылған. Сондай-ақ, есепте өткен жылдың басты көрсеткіштері мен оқиғалары көрсетілген. Осы жылы Тұрақты даму туралы есепте берілген ақпараттың сәйкестігін халықаралық «Ernst&Young» компаниясы тексерді.

«Еліміздің ірі жұмыс берушілерінің бірі бола отырып, біз қызметкерлер және кәсіподақтармен серіктестік қарым-қатынас қағидаттарына негізделген, әлеуметтік жауапкершілігі жоғары компания болуға ұмтыламыз. Біздің қызметіміз нәтижелі жұмыспен қамтуға жәрдемдесуге, лайықты жұмыс пен еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге, қолайлы еңбек жағдайын жасауға, қызметкерлерді даярлау мен оқытуға, өңірлердің дамуына жәрдемдесуге бағытталған. Алдағы жылы біз жұмысымыздың ашықтығын, бизнестің экологиялық және әлеуметтік жауапкершілігінің деңгейін арттыру, сондай-ақ орнықты даму көрсеткіштерін ұзақ мерзімді кезеңге жақсарту есебінен инвестициялық тартымдылықты қамтамасыз етуді мақсат тұтамыз», – деп атап өтті ҚМГ Басқарма төрағасы Алик Айдарбаев.



ҚМГ компаниялар тобы тұрақты даму мәселелерін жіті назар-да ұстайды. 2018 жылы «ҚазМұнайГаздың» 2028 жылға дейінгі даму стратегиясы бекітілген болатын. Жаңа стратегияға сәйкес алдағы 10 жылға арналған Компанияның үш стратегиялық мақсатының бірі – корпоративтік басқару мен тұрақты даму болып белгіленді.

Соңғы төрт жыл ішінде компанияда еңбекті қорғау, өнеркәсіп қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау бойынша қыруар жұмыс атқарылды. Ал 2018 жылы осы саладағы көрсеткіштері ең жоғары болды.



### ҚМГ өз тарихында алғаш рет қауіпсіздік бойынша ең үздік нәтижеге жетті

Жұмыс орнында қауіпсіздікті сақтау – барлық уақытта басты назарда болатын мәселе. Бұл барлық деңгейдегі қызметкерлерден қатаң орындауды қажет ететін қағидат, басты талап. Бұл бағыттағы жұмыстарға «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басшылығы үнемі ерекше назар аударады.

Жарық көрген Тұрақты даму туралы есебіне сәйкес ҚМГ компаниялары тобы бойынша жазатайым оқиғалар кезінде зардап шеккен жұмыскерлер саны 2017 жылмен салыстырғанда, ең аз көрсеткішке – 35%-ға жетті. Өткен жылы болған 48 жарақаттың 21-і немесе жалпы зақым

алу санының 43%-ы саусақ пен қол жарақаттары болды. Оқиға түрлері бойынша жүргізілген талдау нәтижелері бойынша жарақат алу жағдайларының 80%-ы құлау, сүріну, сырғанау, биіктен құлау, сондай-ақ қозғалып тұрған жабдық пен заттардың немесе кернеудегі жабдықтың әсерінен болғаны анықталды.

Соңғы үш жылда көлік құралдарын қауіпсіздік белдіктерімен және GPS жүйелерімен жабдықтау жұмыстарына ден қойылды. Нәтижесінде жол-көлік оқиғалар саны 25%-ға қысқарды. Ал көлік жүргізу кезінде жарақат алу оқиғалары 47%-ға азайды.

«ҚазМұнайГаз» компаниялары тобындағы жұмыс бұнымен тоқтап қалмайды. Алдағы мақсат – қауіпсіздіктің 100% көрсеткішіне жету. Осы мақсатта еншілес және тәуелді кәсіпорындар басшыларының өндірістегі өлім жағдайлары үшін ҚМГ Директорлар кеңесі алдында жеке есеп беру тәжірибесі енгізілді.

«Біздің ортақ міндетіміз – «ҚазМұнайГаз» компа-ниялары тобының және мердігерлік ұйымдардың барлық қызметкерлері жұмыстан үйлеріне аман-есен оралуы үшін бар күш-жігерімізді салып, еңбек ету», делінген Тұрақты даму туралы есебінде.

#### Өлім жағдайлары саны



#### Жазатайым оқиғалар

жарақат саны

48

оның

21-і

саусақ пен қол  
жарақаттары

#### Жол-көлік оқиғалар саны





## Ілеспе мұнай газын кәдеге жарату деңгейі өсті

«ҚазМұнайГаз» компаниялар тобында ілеспе мұнай газын кәдеге жарату деңгейі 2018 жылы 93%-ға жетті. Бұл компания тарихындағы ең жоғары көрсеткіш.

Газды жағу көрсеткіші өндірілген көмірсутек шикізатының 1000 тоннасына 6 тонна мөлшерінде сәйкес келеді. Бұл мұнай және газ өндірушілерінің халықаралық қауымдастығының орташа әлемдік көрсеткішінен 50%-ға төмен (орташа көрсеткіш – 12,1). Мұндай көрсеткішке қол жеткізу Прорва кен орындары тобында газды кешенді өңдеу қондырғысын орнатудың арқасында мүмкін болды. Нәтижесінде Про-

рва кен орындарындағы қондырғының іске қосылуына байланысты алаудан шығатын парник газдарының тікелей көлемі 80%-ға азайып, 41,5 мың тонна болды (2017 жылғы көрсеткіш – 211,6 мың тонна). 2030 жылға дейін компаниялар тобы тұрақты ілеспе мұнай газын алау етіп жағу практикасын толық тоқтатуды жоспарлап отыр.

Компания жыл сайын кәдеге жаратудың жаңа нысандарын салады, өндірістерді қайта жаңартады, құбырлар мен инфрақұрылым құрылысына инвестиция құяды. Мысалы, пайдалануға берілген Ақтөбе

облысындағы Қожасай кен орнында газды кешенді өңдеу қондырғысы алауларда газды жағуды 173 млн м<sup>3</sup>-ден 50 млн м<sup>3</sup>-ге дейін қысқартуға мүмкіндік береді.

Бұдан басқа, компания қоршаған ортаны қорғауға, атап айтқанда нормативтік эмиссиялар үшін салық төлеуге, табиғатты қорғау шараларына, сақтандыруға, қоршаған ортаны қорғау саласындағы өтемақы төлемдеріне, қоршаған ортаға зиянды әсерді болдырмауға арналған инвестицияларға және т.б. қамтитын экологиялық шығындарға қажетті ресурстар бөледі.



су жинау,  
млн м<sup>3</sup>



CO<sub>2</sub>  
шығарындылары,  
млн тонна



энергия тұтыну,  
млн ГДж



ілеспе мұнай газын кәдеге  
жарату деңгейі, %

2016

81,3

7,6

113,2

86

2017

84,4

8,5

119,5

85

2018

93,7

9,3

167,6

93



## Қалдықтарды қайта өңдеуге салынған инвестиция 3 есеге артты

ҚМГ компаниялары тобында қалдықтарды басқару мәселесі ерекше қолға алған. Өндірістегі қалдықтарды жою мәселесін шешу үшін едәуір қаражат бөлінеді. Барлық аумақтарда, соның ішінде мердігер компаниялар жұмыс істейтін алаңдарда қалдықтардың пайда болуын және қозғалысын есепке алу жүргізілуде. «ҚазМұнайГаз» өзінің мердігерлік ұйымдарынан қалдықтарды қауіпсіз тасымалдау, орналастыру және кәдеге жарату жөніндегі талаптарды қатаң орындауды талап етеді.


«ҚазМұнайГаз» тобы бойынша қалдықтарды қайта өңдеуге салынған инвестиция көлемі 2015 жылдан бері 3 есеге ұлғайды. Бүгінгі таңда бұл қаржы табиғатты қорғауға бөлінетін барлық шығындардың үштен бір бөлігін құрап отыр.

Сонымен қатар, Компания байырғы қалдықтарды қайта өңдеу мен ластанған жерлерді қалпына келтіру жұмыстарына да айрықша назар аударады. 2024 жылы ҚМГ өз кен орындарындағы барлық байырғы ластануларды толығымен жоюды жоспарлап отыр. Осы мақсатта биыл Ұлттық компания мен ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Құжат байырғы ластанған жерлерді тазартуды көздейді. Компания бұндай міндеттерді өзіне алғаш рет ерікті түрде алып отыр. Әрбір жеке жағдай


үшін мұнаймен ластанған жерлерді қалпына келтіру жобалары әзірленуде. Бұл жобалар белгілі бір өңірдің ауа-райының ерекшеліктерін, ластанудың сипатын, көлемі мен ескіру мерзімін ескереді. Ластанған аймақтарды тазалау және кейіннен оларды қалпына келтіру үшін барынша тиімді, экологиялық жағынан қауіпсіз тәсілдер қолданылады. ҚМГ 2019 жылдың 2 қазанында байырғы ластануларды жою және қайта өңдеу үшін технологияларды іріктеу мәселелері жөнінде арнайы форум ұйымдастырды. Шараға қалдықтарды қайта өңдеу қызметтерін көрсететін отандық және шетелдік ұйымдардың өкілдері шақырылды. Оларға тарихи ластануларды жою бойынша ҚМГ алдында тұрған міндеттер жайлы және осы жұмыстарға қойылатын жоғары экологиялық талаптар туралы ақпарат берілді.

2018 жылы «Ембімұнайгаз» компаниясы «Жылы-оймұнайгаз» және «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармалары аудандарындағы мұнаймен ластанған бірнеше жер телімдерін қалпына келтірді. Барлығы 24 гектар жер тазартылды. «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы да осы бағытта үлкен жұмыс атқарды. 2018 жылдың соңына қарай мұнай қалдықтарын сақтайтын 6 полигон толық тазартылып, жойылды. Ендігі кезекте қалған төрт полигонды тазарту және жою жұмыстары басталмақ.

Қауіпті қалдықтар, 2018



Қауіпсіз қалдықтар, 2018



## Өңірлердің дамуына 5,2 млрд теңге бөлінді

Тұрақты даму туралы есеп экономикалық және экологиялық көрсеткіштермен қатар «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясының елдің әлеуметтік дамуына қосқан үлесі туралы ақпаратты қамтиды. Өткен жылдың қорытындысы бойынша ҚМГ өңірлердің дамуына 5,2 млрд теңге бөлген. Бұдан бөлек 1,6 млрд теңге «Samruk-Kazyna Trust» қорының жобаларын қаржыландыру үшін қайырымдылық шараларына бағытталды.

Есепте көрсетілгендей, ұлттық компанияға тиесілі өндіру активтерінің жер қойнауын пайдалану келісімшарттарында өзінің өндірістік қызметін

жүргізетін аймақтардың өсіп-өркендеуіне және көмекке мұқтаж халықты әлеуметтік қолдау үшін ақша қаражатын бөлуді көздейді. Қаржы жергілікті атқарушы органдарға аударылады, ал олар өз кезегінде ақшаны қажеттілікке қарай үлестіреді. Мысалы, «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамы Жаңаөзен қаласы мен Қарақия ауданының инфрақұрылымын дамыту үшін әлеуметтік бағдарламалар қорына жыл сайын 900 млн теңге бөліп тұрады. «Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамы 2018 жылы Атырау облысы Қызылқоға ауданының Сағыз және Қарабау ауылдарында, сондай-ақ Исатай ауданының Аққыстау

ауылында әлеуметтік нысандарды салуға қомақты қаражат бөлді.

«ҚазМұнайГаз» компаниясы өзінің қызметкерлеріне қамқорлық көрсету мәселесін де жіті назарда ұстайды. Өткен жылдың нәтижелеріне сүйенсек, ҚМГ-да әлеуметтік қолдау шығындары жиынтықты 22 млрд теңгеге жетті. Есепке сәйкес, 2018 жылдың соңында ҚМГ қызметкерлер саны 78 933 адамды құрады. Аутстаффингте 3 347 адам жұмыс істейді. Бұл ретте қызметкерлердің жалпы санына шаққанда өндірісте еңбек ететіндер саны 91%-ды, әкімшілік-басқарушылық қызметкерлер – 9%-ды құрайды.



Қызметкерлер  
саны (нақты)



Жынысы бойынша  
бөліністе, %



ҚМГ компаниялар тобы  
қызметкерлерін әлеуметтік  
қолдау, млрд теңге

2016

90 267

79 / 21

19

2017

84 061

80,8 / 19,2

18,9

2018

78 933

81,2 / 18,8

22

# Со славным юбилеем, CASPI BITUM!

Строительство завода началось в 2009 году в рамках государственной программы по форсированному индустриально-инновационному развитию Республики Казахстан по Поручению Первого Президента Н.А.Назарбаева за № 735 от 5 февраля 2007 года по вопросу организации производства дорожных битумов в Казахстане. 20 декабря состоялась официальная церемония пуска с участием Елбасы в рамках телемоста «Карта индустриализации Казахстана». Тогда же была получена первая партия дорожного битума, который в последующие годы применялся при строительстве практически всех масштабных инфраструктурных проектов Республики Казахстан. Только за 2018-й год было произведено 37 процентов всего дорожного битума, выпускаемого в стране. В 2019 году завод вышел на свою проектную мощность. В год здесь перерабатывается до 1 млн. тонн нефти, при этом есть все возможности для производства 400 тысяч тонн окисленного и 120 тысяч тонн модифицированного битумов. По качеству и своим характеристикам это – инновационный продукт, один из лучших в странах СНГ.

Ирина ГАВРИЛОВА



## Торжественные награды

7 ноября Актауский битумный завод официально отметил свой первый юбилей. На торжественное собрание, которое прошло в зале Ассамблеи народа Казахстана в г. Актау, собрались работники предприятия и множество гостей из числа акционеров, государственных органов, а также партнеров – тех, с кем завод все эти годы ведет плодотворное сотрудничество.

Генеральный директор завода Ерболат Кожобаев в своем выступлении рассказал о достижениях предприятия. «Мы уже практически полностью охватили западный регион. Наш битум доходит до Восточно-Казахстанской области, очень большие объемы используются в Алматинской области. В целом за эти годы произведено более 1 млн. 200 тысяч тонн битума – это около 3600 км дороги, и, если поиграть фактами, то это расстояние от Актау до Хельсинки», – подвел черту Е.Кожобаев.

На сцену зала с теплыми поздравлениями вышли секретарь Мангистауского областного маслихата Нури Тумшев, начальник управления нефтегазохимической промышленности департамента газа и нефтегазохимии Министерства Энергетики РК Типан Айжан, Заместитель председателя правления по переработке и маркетингу нефти АО НК «КазМунайГаз» Данияр Тиесов, представитель компании «СИТИК Групп», первый заместитель генерального директора ТОО СП «CASPI BITUM» Сун Гуантао. Лучшие работники в этот день получили государственные и ведомственные почетные грамоты и благодарственные письма.

Данияр Тиесов вручил Ерболату Кожобаеву юбилейную медаль в честь 120-летия казахстанской нефти, тепло поздравил заводчан, вспомнил годы становления завода, отметил высокую значимость деятельности ТОО СП «CASPI BITUM» в масштабе Казахстана, важный вклад в реализацию государственной программы инфраструктурного развития «Нұрлы жол», выразил глубокую признательность всем работникам за добросовестный труд и преданность делу.

В канун празднования юбилея завода более 70 работников, в том числе и пенсионеры предприятия, были отмечены юбилейной медалью в честь десятилетия ТОО СП «CASPI BITUM» и благодарственными письмами от имени генерального директора завода.

## II международная научно-техническая конференция

В Актау, в рамках празднования юбилея ТОО СП «CASPI BITUM», прошла II международная научно-техническая конференция «Перспективы развития казахстанского рынка модифицированного и фасованного битумов, применяемых для строительства автомобильных дорог». Организатором выступил Актауский битумный завод. Конференция стала местом широкого обсуждения развития производства инновационных битумных продуктов в РК и увеличения их



экспортной привлекательности. В ней приняли участие руководители нефтеперерабатывающих заводов Казахстана, а также зарубежные партнеры из Европы и России, представляющие мировые инжиниринговые и технологические компании.

Багдат Телтаев, президент АО «КаздорНИИ»:

– В 2007 году нами была разработана битумная карта Казахстана. Она показала, что качество битума надо существенно улучшить, так как, к примеру, на востоке Казахстана температуры могут доходить до минус 46, а в Мангистау до плюс 64 градусов. Мы пришли к заключению, что для Казахстана необходимо построить специализированный битумный завод. В 2013 году завод был построен, и получена первая продукция, но нужно было отработать технологию. Наши сотрудники были командированы в Актау, находились здесь длительное время, и спустя время завод стал выпускать битум, который удовлетворяет требованиям стандарта РК.

Но Казахстану был нужен современный модифицированный битум, который позволил бы продлить долговечность и прочность дорог в несколько раз. В прошлом году с применением таких битумов были построены три опытных участка дороги, которые, по словам представителей НИИ, пока показывают отличные результаты.

Споры между участниками конференции развернулись на тему, что важнее – цена или качество битума. Гости высказались на этот вопрос неоднозначно.

– Для того, кто покупает, должен быть важен комплексный показатель и цены, и качества – дорога с плохим битумом долго не простоит. Битум может быть и дорогим и дешевым – все зависит от того, какое сырье мы используем. Можно много сил потратить на то, чтобы из гудрона сделать высококачественный битум, но это сложная технология и, априори, такие битумы не могут быть дешевыми. А можно получать битум, как в Актау, из специальных нефтей, которые дала природа – это практически готовый продукт. И стоит он будет недорого за счет низкой себестоимости, – высказал свое мнение Эльшад Теляшев,

научный руководитель АО «Институт нефтепереработки» из г. Уфа.

Основной темой для обсуждения стал модифицированный битум и вопросы, связанные с его приобретением дорожно-строительными компаниями.

– Не нужно никого заставлять покупать модифицированный битум, надо стимулировать дорожно-строительные организации, чтобы они повышали качество дорог, – отметил Талгат Муканов, главный технолог ТОО «СП «CASPI BITUM».

Руководитель управления нефтегазохимии Министерства энергетики РК Айжан Типан убеждена, что необходимо убеждать строительные компании использовать такой вид битума, показывая, что это экономически выгодно.

– Что касается изменений в законодательную базу, то, если от производителей будут конкретные предложения в Министерство энергетики, то, думаю, государство пойдет им навстречу, – добавила Айжан Типан.

– Мы уже готовы к использованию модифицированного битума, мы его и применяем, так как на дорогах республиканского зна-

чения он уже заложен в ПСД. Но вопрос – в цене, – сказал на конференции представитель дорожно-строительной компании Дархан Рахимов.

## Будущее за Биг-бегами

Особое внимание на конференции было уделено развитию производства фасованного битума, который имеет очень высокий экспортный потенциал. Удобство по транспортировке и хранению позволяет доставлять его в любую точку мира, сохраняя показатели качества. Главное преимущество фасованного битума в том, что он не изменяет свои высокие свойства, поскольку исключаются многократные циклы нагрева и остывания.

Ежегодно на актауском заводе могут фасовать до 400 тыс. тонн битума. На предприятии считают – чтобы развивать рынок фасованных битумов, необходимо, прежде всего, развивать инфраструктуру самих «дорожников» – строить складские помещения для хранения фасованного битума, приобретать плавильные печи. Основная задача фасованного битума – это снятие напряжения из-за его нехватки в пиковый (летний) период.

– Когда начинается сезон, то всем необходим битум, но заводы не могут работать выше проектных мощностей, поэтому, чтобы избежать ажиотажа и нужно развивать фасованный битум, – отметила Айжан Типан.

Сегодня в Казахстане работают три завода, которые производят битум: в Павлодаре, Шымкенте и Актау. При этом последний выпускает 42 процента от общего объема.

Представитель австрийской компании по изготовлению тары для битума отметил, что конференция, прошедшая в Актау, оставила важный след в развитии битумного бизнеса в Казахстане.

– Я надеюсь, что нам удастся успешно развивать новую логистическую схему, о которой мы ведем переговоры с Актауским заводом. Мы предлагаем затаривать дорожный битум в специальные биг-беги, который затем становится хорошо транспортируемым продуктом как внутри РК, так и на экспорт, – отметил Альберт Тракслер. **11**





## Барлаушы геолог Әділ Нұрмановқа құрмет көрсетті



**Маңғыстаулық барлаушы геолог Әділ Нұрмановтың есімі көпшілікке етене таныс. Саналы ғұмырын мұнай-газ өнеркәсібіне арнаған ардагер қараша айында 85 жасқа аяқ басты. Қаражанбас кен орнына елеулі еңбек сіңірген ақсақалды «Қаражанбасмұнай» компаниясының басшылығы арнайы барып құттықтап, ақжарма тілектерін жеткізді.**

### Жанкелді ҚАРЖАН

«Сіздің Қаражанбас кен орнының ашылуы үшін атқарған еңбегіңізді білеміз. Кезінде қойылған шектеулерге қарамастан, табанды еңбектің арқасында иен даланы қайнаған тіршіліктің ортасына айналдыруға айтулы үлес қостыңыз. Біз мұны ешқашан ұмытпаймыз. Қазіргі таңда компанияда еңбек ететін әрбір маман кен орнының ашылуы – Әділ Нұрманов есімімен тығыз байланысты екендігін жақсы біледі», – деді «Қаражанбасмұнай» АҚ бірінші вице-президенті Сүйіндік Алдашев. Дәстүр бойынша С.Алдашев абыз қарияға шапан жауып, жары Әмина Қатароваға да қошемет көрсетті.

Өз кезегінде «АрғымақТрансСервис» ЖШС бірінші вице-президенті Шаттық Құлшықов: «Ақсақал болып әдемі қартаюды Сізге қараған сайын анық аңғарамыз. Үнемі кен орнының болашағына алаңдап, кездескен жерде ниетіңізді, тілектестігіңізді білдіріп отыратындығыңыз біздерді жігерлендіреді. Сізге әрдайым шын жүректен кіршіксіз ниетімізді білдіріп, алғыс айтамыз. Ауырмаңыз, арамызда аман жүріңіз», деп ықылас танытты. «ТКЖҰҚКБ» ЖШС директоры Таңартар Жайман да Әділ Молдашұлына ыстық ықыласын жеткізді. Мұнымен бірге компанияның коммерциялық сұрақтар бойынша вице-президенті Бауыржан Баймуллин, әлеуметтік және әкімшілік шаруашылық

жұмыс департаментінің директоры Ренат Қаражанов та құттықтап, ұжым атынан Әділ Нұрмановқа сый-сыяпаттарын табыстады.

Құттықтай келгендерге Ә.Нұрманов сонау жастық шағындағы барлау кезеңіндегі естеліктерімен бөлісті.

«Біз сол кездері Бозащыны аралап шығу үшін рұқсат сұрап, жиі хат жаздық. Оны шешуге жергілікті аудандық атқару комитетінің қауқары жетпеді. Әскери мекеме болғандықтан тікелей орталыққа бағынатын. Хат жаза жүріп, 1972 жылы аралауға рұқсат алдық. Орталық жақ бізге рұқсат берген соң, бер жағындағы Долгийден (Каспийдің шығысындағы арал) барлау жұмыстарын бастап кеттік. 1973 жылы Қаражанбастан бір скважина қазуға рұқсат алдық. Оны қазу үшін Бұрғылау шебері Санақ Таяновты топографмен ертіп жібердім. 1974 жылы 26 қаңтарда түнде оқыстан хабар келді. «Қаражанбастан фонтан атып кетті» деп жігіттер сүйінші сұрай келді. «Бөтелкеге құйып әкелдіңдер ме?» десем, «ұмытып кетіппіз» дейді. Түсін, түрін сұрап жатырмын. Мүмкін су шығар деймін күдіктеніп. Содан жан-жаққа хабар беріп, ертеңінде 27 қаңтар күні түсте жолға шығып кеттік. Қыс ортасы болғандықтан далада қалың қар бар еді. Үш машинамен Қаражанбасқа барсақ, 12-ші скважинаның маңайы мұнайдан «көлге» айналыпты. Мұнай бұрқылдап атып жатыр екен. Қуанышымызда шек жоқ. Бұрғылау жұмыстарын бастағанда

бірден «Мұнай ата қояды» деген ой болған жоқ... Бұл туралы 1974 жылдың ақпан айында Кеңес Одағының «Мұнай-газ геологиясы» журналының №5 санында «Қаражанбастан мұнай фонтаны атқылады» деген мақала жарық көрді. Қаражанбастан сөйтіп алаң емес, аймақ ашылды. Қасынан тағы да қазу жұмыстарын жалғастыра бастадық. Арада бір жыл өткенде Терістік Бозащыны барлау жұмыстары басталды. Ол 1975 жылы маусым айында ашылды. 1976 жылы Қаламқас кен орны жұмысын бастады. Әрқайсысынан 1 млн. тоннадан кем түспейтін мұнай көлемін есептеп шығарып, орталыққа тапсырдық. Сөйтіп барлау жұмыстары басталған кен орындары бүгінде Қазақстанның негізгі мұнай өндірісінің біріне айналды...», – деді Ә.Нұрманов.

Сөз соңында ақсақал батасын беріп, үнемі назардан қалдырмай елеп-ескеріп отыратын компания ұжымына рахметін жеткізді.

Анықтама үшін: Әділ Нұрманов 1934 жылы 5 қарашада Маңғыстау облысында дүниеге келген. 1957 жылы Алматыдағы С.Киров атындағы қазақ мемлекеттік университетін геология саласы бойынша аяқтаған алғашқы түлектердің бірі. Оқуды аяқтаған соң жолдамамен туған жерге оралады. Сол жылы «Маңғыстаумұнайгазбарлау» тресі құрылғанда, өңірдегі барлау жұмыстарына қатысып, кейін көптеген барлау экспедицияларына жетекшілік етті. **М**



## Көркем мінез, білікті Абат едің...



**Елең-алаңда Атырау беттен Абат-Достың бақиға бет түзгені туралы қаралы хабар жеткеніне де қырық күн уақыт өтіпті. Көңіл құрғыр әлі сенбейді...**

Жиынды таратып, қош-бес айтысып, ауылына шығарып салғанымыз сол ғана... арада тек қана бір түн. Түн құшағында келмеске бетін түзепті. Аяулы жардың, бауырдағы баланың Өзіңіз атқан таңы қазанның он екісі болатын.

Біз білетін Абат жігіттің жайсаңы еді, мінезі көркем еді! Абат Ақмұқанұлына ақыл, парасат, еңбекқорлық, ізгілік пен мейірімділік секілді қасиеттер тән еді. Жер қозғалмаса қозғалмайтындай сабырлы еді. Алматының баурайында, атақты «политтехта» базар-

лы студенттік күндеріміз бірге өтті. Ол Кең Жылойдан, біз Маңғыстаудан барған өңкей бозбаламыз. Ол сабырлылығымен ерекшеленетін.

Ол білім-білігін, тәжірибесін адамнан аямайтын. Көзінде оты бар жас болса, үйретуге құштар-тын! Ұлттық компания жастар саясатына бағыт бұрғанда жаңаөзендік мұнайшы жастардың кез-келген бастамасына мұрындық болғанын кешегі қаралы күндерде жастардың аузынан естідік.

Ол – адамгершіліктің, кісіліктің үлгісі еді. Атырау бойынан жеткен қаралы хабарды естіген баяғы Жетібайдың ойында бірге еңбек еткен, көз көрген әріптестері де оны жамандыққа қимай, қабырғасы қайысты.

Ол нағыз мұнайшы болатын. Бұ кәсіптің қыры мен сырын тамыршыдай анық білетін. Стратегиялық ойлау қабілетін мойындаушы едік. Тәуекел-ау деген кез келген өндірістік жағдайларды алдын-ала болжап, шешім қабылдауға келгендегі іскерлігі бәрімізден оқ бойы озық тұрды.

Ол достыққа адал еді. Біз Абат Ақмұқанұлымен еңбек жолымызды 1986 жылы «Мангышлакнефть» өндірістік бірлестігінің «Жетібаймұнайгаз» мұнай-газ өндірістік басқармасында қатар бастадық. Ол операторлықтан бастап, 1994 жылға дейін мұнай-газ өндіру шебері, инженер-технолог, №1 кәсіпшілік бастығы болып еңбек

етті. Жары Сарамен де №1 мұнай-газ өндіру кәсіпшілігінде танысып, шаңырақ көтергеніне куә болдық. Шалқар тойды бірге қызықтаған базарлы-думанды шақты қалай ұмытармыз?!

1994-1996 жылдар аралығында Қазақ мұнай және газ ғылыми зерттеу және жобалау институтына ауысқанда да отбасылық, жолдастық қарым-қатынасымыз үзілген жоқ. Осы кезеңде ғылыми жобалар бойынша жетекші инженер болып жұмыс жасап, өлкенің мұнай өндірісін дамытуға елеулі үлес қосқанын да ерекше айтқым келеді.

Білім-білігі, жоғары ұйымдастырушылық қабілеті оны мемлекеттік деңгейдегі ірі мұнай менеджерлерінің қатарына шығарды – осы саладағы қызметтің жоғары буындарына дейін көтерілді. Өндірісті басқарудың үлкен мектебінен өтті. Барлық саналы ғұмырын Қазақстан экономикасының күре тамыры – мұнай-газ өнеркәсібіне арнады.

Ардақты Абат Нұрсейітовтің жарқын бейнесі елінің, оны білетін достары мен әріптестерінің, жора-жолдастарының жүрегінде әрдайым сақталатыны сөзсіз.

Жаның жаннатта болып, нұрың пейіште шалқысын, Абат-Дос! Қош...

**Жетібай ТӨЛЕҒОЖАЕВ,**  
«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директорының әлеуметтік-әкімшілік мәселелері жөніндегі орынбасары, курстасы, жұмыстас досы



## Қызметкер мүддесі – басты назарда

Қараша айының 11-і күні «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамында «Қазақстан Кәсіподақтар Федерациясы» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Ералы Тоғжановтың қатысуымен өңірдегі ірі кәсіпорын басшылары мен еліміздегі шипажай жетекшілерінің кездесуі өтті. Жиын барысында жергілікті кәсіподақ ұйымдарының қызметіндегі жетістіктер мен қиындықтар туралы сөз қозғалып, алға қойылған жоспарлар пысықталды.

Кәсіподақ ұйымдарының негізгі міндеті жұмыс беруші мен жұмысшы арасындағы қарым-қатынасты заң аясында реттеп, қызметкерлер мүддесінің аяқасты болмауын қадағалау, қамтамасыз ету болып табылады. Осы орайда Компания атынан сөз алған бас директордың бірінші орынбасары Қалбай Әжімбайұлы Измұханов Компания тарапынан жасалған жұмыстарға тоқталып, ұжымдық келісімшарттың орындалуы жөнінде баяндап берді:

– Компанияның 2019 жылға арналған әлеуметтік кепілдеме, компенсация және жеңілдіктер бюджетінде 4 млрд. 576 млн. 539 мың теңге қарастырылған. Ал 2019 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша оның 3 млрд. 530 млн. 151 мың теңгесі игерілген, яғни ұжымдық шартқа сәйкес жұмсалған. Оның ішінде төрт және одан

да көп бала тәрбиелеп отырған компания қызметкерлеріне 100 айлық есептік көрсеткіш деңгейінде (252 мың теңге) – 189 млн. 880 мың теңге, мүгедек бала тәрбиелеп отырған қызметкерлерге 50 АЕК көлемінде 15 млн. 529 мың теңге, жаңадан балалы болған қызметкерлерге 50 АЕК көлемінде 33 млн 583 мың теңге, сондай-ақ, компания қызметкерлерінің мектепке дейінгі мекемелерге төлейтін қаражатының белгілі бір бөлігін өтеу мақсатында 32 млн 978 мың теңге жұмсалған. Бұл жалпы ұжымдық шарттағы жеңілдіктердің бір парасы ғана.

Өз кезегінде «Қазақстан Кәсіподақтар Федерациясы» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Ералы Тоғжанов Басқарма тарапынан ұжым арасындағы тұрақтылық пен келісімді сақтауға жасалып жатқан жұмыстар үшін алғысын



білдірді. Компания ұжымдық шарты аясында жасалған келісімдердің орындалуына жоғары бағасын бере келіп, компанияның жергілікті кәсіподақ қызметі төрағасына келесі ұш жылдыққа жасалатын ұжымдық шарт әлеуеті бұрынғыдан да жоғары болуын қамтамасыз етуді тапсырды.

Жиында Бірлестік төрағасының арнайы шақыртуымен келген шипажайлар өкілдері де кәсіподақ мүшелерінің еңбек демалысын тиімді ұйымдастыру, аурулардың алдын алу және оларды болдырмау төңірегінде өз ұсыныстарын айтып, әріптестік ауқымын кеңейтуге шақырды. **NI**



## Автоматизация набирает обороты

Внедрение новых информационных технологий – один из обязательных элементов стратегии развития компании, который способствует повышению ее конкурентоспособности.

Нашей целью является создание такой ИТ-инфраструктуры для бизнеса, благодаря которой он сможет развиваться. Необходимость действовать в условиях рыночной экономики, все обостряющейся конкуренции обуславливает приобретение преимущественной позиции за счет использования современных информационных систем и ресурсов, позволяющих решать весь комплекс задач на всех уровнях управления.

Для обеспечения необходимого уровня информационной поддержки, улучшения работы ключевых бизнес-процессов в нашей компании был проведен ряд мероприятий, таких, как автоматизация плана закупок, процесса проведения тендерных процедур и согласование договоров, в том числе их выполнения в учетной системе 1С: Предприятие; автоматизация и настройка бизнес-процессов по системе электронного документооборота на базе платформы 1С: Предприятие, по которой наша компания прошла отбор для участия в конкурсе лучших проектов года в Москве и заняла 3 место. Автоматизированы были также процессы складского учета и построения бизнес-процессов по списанию материалов и учета транспорта в разрезе по проектам, учета обходов территории через мобильное приложение QCoRD. Основная задача последней – контроль маршрутов движения на территории производственных объектов, складов и офисов персоналом охранной фирмы. Данное приложение используется для повышения эффективности работы охранников в ночное время суток. Хотелось бы отметить важность внедрения в компании IP-телефонии, которая начинает пользоваться все большей популярностью как среди обычных пользователей, так и владельцев среднего и крупного бизнеса. Новая технология и нас привлекла возможностью снижения стоимости звонков и экономичным расширением сети без затратных вложений, а также быстрым развертыванием системы и высоким качеством связи. VoIP технология реализуется с помощью нескольких протоколов, наиболее перспективным из которых признан SIP стандарт.

**Канат СЕЙДАХМЕТОВ,**  
руководитель группы по информационным технологиям  
ТОО «Oil Construction Company»

## Максимальное приближение

**Анна ТИТЕНОК**

Нефтедобыча относится к числу отраслей, которые подразумевают риски для занятого в них персонала. И одной из главных задач работодателя является обеспечение безопасной рабочей среды.

Стратегия ТОО «СП «Казгермунай» в вопросе охраны и безопасности труда ставит перед собой две основные цели: сохранение жизни и здоровья работников и сохранение нулевого травматизма персонала при исполнении трудовых обязанностей. Достижение этих целей возможно только при установлении персональной ответственности работников за соблюдение требований промышленной, пожарной безопасности, охраны труда и окружающей среды и отработки слаженности действий при возникновении чрезвычайных ситуаций. И тут самым эффективным средством всегда были и остаются учебные тревоги и тренировки на производственных объектах. Такие внезапные проверки позволяют проверить готовность персонала, спецтехники и средств индивидуальной защиты, выработать оптимальные механизмы практических действий и правильное поведение при чрезвычайных происшествиях.

Одной из таких тренировок стала проведенная на территории ЦППН месторождения Акшабулак показательная медицинская учебная тревога с участием парамедиков из числа работников ТОО «СП «Казгермунай». По замыслу учения на территории ЦППН произошло задымление с последующим возгоранием РВС Т-3201, в результате чего пострадали три работника, получив травмы различной степени тяжести: удар электрическим током, повлекший потерю сознания, термический ожог лица и кистей, переломы обеих ног (в том числе открытого) и повреждение позвоночника, приведшим к обездвиженному состоянию.

После получения оповещения о возникновении пожара на место происшествия прибыло добровольное пожарное формирование из числа работников ЦППН. Следом, по сценарию учения, от очевидцев стали поступать сообщения о пострадавших и их местах нахождения. Далее разворачивалось основное действие – оказание первичной неотложной помощи парамедиками (работниками компании) своим пострадавшим коллегам и передача их бригадам скорой медицинской помощи ТОО «Интертич Медицинский Ассистанс». Одновременно происходит эвакуация и сбор людей в специально отведенном месте, остановка оборудования ЦППН оперативным персоналом и охлаждение прилегающего оборудования с помощью гидрантов членами добровольного пожарного формирования. Всего в учениях было задействовано 37 человек из числа

работников ТОО «СП «Казгермунай» и 42 представителя подрядных организаций: ТОО «Интертич Медицинский Ассистанс», ТОО «KMG-Security», ТОО «Семсер-өрт сөндіруші».

– Проведение учебной медицинской тревоги – это не просто практический метод обучения оказанию правильной и своевременной неотложной помощи пострадавшему, но и действенный способ выработать у парамедиков способности самостоятельно, быстро и безошибочно ориентироваться в ситуациях во время возникновения несчастных случаев, и определять решающее направление действий и мер по оказанию неотложной помощи, – говорит Гульзада Альмагамбетова, ведущий специалист по охране и гигиене здоровья.

– Наша задача в том, чтобы как можно большее количество работников нашей компании и подрядных организаций, осуществляющих свою деятельность на территории месторождений ТОО «СП «Казгермунай» были задействованы в данном проекте, – рассказывает Руслан Касымханов, директор департамента охраны труда и окружающей среды – Мы постарались создать условия, максимально приближенные к реальным. Сделали все, чтобы люди осознали всю значимость правильного поведения во время чрезвычайных ситуаций и пожарной безопасности. Данное учение позволило лишний раз отработать взаимодействие служб нашей Компании с аварийными подразделениями. Это также способствовало воспитанию у работников морально-волевых качеств, необходимых для оперативных действий при возникновении чрезвычайных ситуаций. **NI**



## Автор бол! Өзіңнен баста!

Өзіңді сынап көру, бірқатар күрделі кедергіден өту, командалық мәселелерді шешуде бірлесе жұмыс жасау, компания ресурстарын үнемдеудің ең тиімді жолдарын табу – «Ембімұнайгаз» компаниясының 120 жас маманы 3 күн бойы осы және басқа да мәселелерді шешуге арнады.

Қазақстан мұнайының 120 жылдығы мен Жастар жылы аясында «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің және Жас мамандар кеңесінің ұйымдастыруымен Компания тарихында алғаш рет Жас мамандар күні өтті.

– Жас мамандар күнін өткізудегі мақсатымыз – жастарды компанияның өндірістік және стратегиялық міндеттерін шешуге белсенді атсалысуға ынталандыру, сондай-ақ жас мамандардың кәсіби дамуына жағдай жасау, олардың бойында корпоративтік құндылықтарды қалыптастыру, – деп атап өтті Басқарма төрағасының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары Сәлімжан Нақпаев.

Форумның алғашқы күні командалық рухты дамытуға бағытталған коммуникациялық ойында жас мамандар 12 топқа бөлініп, жалпы

алғанда 3 алаңда 10,5 км қашықтықта түрлі кедергілерді еңсерді. Жастар бұл сынақтардан тек ауызбіршіліктің арқасында өтті. Бір айта кетерлігі, командалардың әр қимылы мен шешімдерін арнайы төрешілер қадағалап отырды. Күш пен жігерді жанитын мұндай жарыстар арқылы ұйымдастырушылар жастарды үйреншікті күнделікті жайлы тірліктен бір мезгіл «суырып алып», бойды билеген қорқыныш сезімдерін жеңіп, командада жұмыс жасаудың маңыздылығын түсіндіруді көздеді.

Алғашқы күннің қорытынды шарасын да ұйымдастырушылар ерекше өткізуді қолға алған. От жанындағы демалыста жастар гитарамен ән айтып, күзгі кешті керемет өткізді.

Форумның екінші күнінде қатысушылар Кайдзен кубогын сарапқа салды. Ойын



барысында әр команда белгіленген уақыт ішінде компанияның өнімділігін арттыру үшін үнемді өндіріс құралдармен жұмыс істеуді үйренді.

– Ұқыпты өндіріс тұжырымдамасы бүгінгі таңда компанияның өнімділігін арттырудың тиімді құралдарының бірі болып табылады. Оның мәні өндірістегі шығындардың барлық түрлерін жоюға ұмтылыста жатыр, – деді ЕМГ қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаменті директорының орынбасары Фибрат Ауғанов.

Ол бұған дейін өткізілген Жас мамандар күндерінің кәсіби және жеке тұлға ретінде өсуге берген мүмкіндіктерін айтып, өзінің тәжірибесімен бөлісті. Тартысты ойын соңында Ембінің Кайдзен кубогының иегері анықталып, жеңіс 12-ші командаға бұйырды.

Форумның үшінші күні ЕМГ акт залында жалғасып, мотивациялық бағытқа арналды. Компанияның жас мамандары кәсіби мара-

фоншы, әлемге әйгілі Марат Жыланбаевпен кездесіп, оның әңгімелерін тыңдады. Ол қатысушыларға қиын кездерден, өмірлік сынақтардан қалай сүрінбей өту жөнінде кеңестерін айтты.

Сонымен қатар, шараға қатысушылар компанияның бас кеңсесіндегі геологиялық және интерактивті мұражайларды аралап, өндірісті жедел басқару орталығында болды. Жас мамандар тілектерін, өздеріне болашаққа хаттарын жазып, оны 2020 жылы ашуға уәделесті.

Шара соңында сөз алған «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ бизнес-серіктесі Эльмира Каримова мен ЕМГ қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаменті директоры Гүлбану Шарафетдинова Жас мамандар күнін өткізудегі мақсаттарға тоқталып, жастарды жинаған үш күндік тәжірибені қызмет барысында қолдануға, білімге, кәсіби біліктілікті арттыруға, жаңашылдыққа ұмтылуға шақырды. **М**



## Тяжело в учении – легко в бою!

Развивающий молодежный форум Development Days, который ежегодно проводит научное подразделение КМГ – компания «КМГ Инжиниринг» – в нынешнем году проходил в формате хакатона под эгидой Educating the Future. В его работе приняли участие 100 молодых специалистов производственных подразделений АО «Озенмунайгаз», АО «Мангистаумунайгаз», АО «Каражанбасмунай», ТОО «КМГ Инжиниринг» и его филиалы «КазНИПИмунайгаз», «Каспиймунайгаз».

Хакатон объединил молодых специалистов группы компаний «КазМунайГаз», «ломавших головы» над решением бизнес-кейсов и реальных проблем месторождений Мангистауской области по различным направлениям, среди которых такие, как «Эффективная разработка карбонатных месторождений», «Вовлечение в разработку недренируемых запасов», «Разработка месторождений с высоковязкими нефтями», «Стратегия дальнейшей разработки объектов эксплуатации триасовых горизонтов», «Достижение режима эксплуатации скважин максимально приближенного к их технологическому потенциалу» и другие. В финале хакатона 20 команд из числа молодых специалистов соревновались в разработке проектных решений по предложенным бизнес-кейсам. С молодыми специалистами работали 29 внутренних тренеров КМГИ, 9 экспертов по направлениям КМГИ и DeGolyer and MacNaughton. Силами внутренних тренеров было проведено тренингов по различным производственным направлениям, в том числе «Особенности разработки карбонатных месторождений», «Основы геофизических исследований в открытом стволе скважины», «Комплексный анализ геолого-геофизических данных с целью оптимизации разработки месторождений» и др. Молодые специалисты КМГ предлагали собственные решения по разработке месторождений с высоковязкой

нефтью и трудноизвлекаемыми запасами; предлагали идеи по способам эксплуатации добывающих скважин, экономическому моделированию, методам борьбы с осложнениями при добыче нефти. На тренингах обсуждались такие важные сегодня для деятельности КМГ темы, как «Гидродинамические исследования на эксплуатационных скважинах», «Расчет плановых показателей добычи нефти аналитическими методами», «Применение полимерного заводнения как метода увеличения нефтеотдачи». Участники развивали soft skills на тренингах по дизайну мышления, управлению проектами, инновационному мышлению.

Соревнуясь в хакатоне, команды готовили презентации проектов решений, в которых должны были отражены причины проблем, обозначенных в задачах бизнес-кейсов с приведением аргументированных (подкрепленных цифрами и фактами) обоснований, предлагаемые пути решения (в виде блок-схемы) с последующими шагами и сценариями развития, ожидаемый экономический результат от реализации.

Авторитетное жюри составили топ-менеджеры АО НК «КазМунайГаз» и дочерних компаний КМГ: управляющий директор по управлению человеческими ресурсами АО НК «КазМунайГаз» Д. Хасанов, заместитель генерального директора по разработке ТОО «КМГ

Инжиниринг» А.Свешников, вице-президент по производству АО «Каражанбасмунай» Н.Союнов, управляющий директор по производству АО «Озенмунайгаз» Е.Карамурзаев, директор по проекту Озенмунайгаз АО НК «КазМунайГаз» Ж.Нугманов. По итогам хакатона блестящие знания показали молодые специалисты группы компаний КазМунайГаз.

Первое место заняла команда №14 «Reservoir Dogs» с темой «Стратегия дальнейшей разработки объектов эксплуатации триасовых горизонтов». Второе место у команды №6 «Искатели», тема «Вовлечение в разработку недренируемых запасов». «Бронза» у команды №16 «Атом», тема «Стратегия дальнейшей разработки объектов эксплуатации триасовых горизонтов».

Членами жюри отмечены и индивидуальные номинации:

Лучший специалист по теме «Эффективная разработка карбонатных месторождений» – Актан Ибраев, ТОО «КМГ Инжиниринг»; лучший специалист по теме «Вовлечение в

разработку недренируемых запасов» – Адилет Куанышев, филиал ТОО «КМГ Инжиниринг» «КазНИПИмунайгаз»; лучший специалист по теме «Разработка месторождений с высоковязкими нефтями» – Алия Бакиева, филиал ТОО «КМГ Инжиниринг» «КазНИПИмунайгаз»; лучший специалист по теме «Стратегия дальнейшей разработки объектов эксплуатации триасовых горизонтов» – Марат Сағындыков, филиал ТОО «КМГ Инжиниринг» «КазНИПИмунайгаз»; лучший специалист по теме «Достижение режима эксплуатации скважин максимально приближенного к их технологическому потенциалу» – Медет Байталасов, АО «Мангистаумунайгаз»; лучший оратор (спикер) – Есен Еспаулаев, филиал ТОО «КМГ Инжиниринг» «КазНИПИмунайгаз».

Очень интересной и запоминающейся была номинация: Insta звезда #DevelopmentDays-2019, обладательницей которой стала очаровательная Марина Похилюк из ТОО «КМГ Инжиниринг».

Поздравляем победителей! **М**





## Д.Хасанов: «Компаниямыздың басты құндылығы – адами ресурстар»

26 қараша күні Нұр-Сұлтан қаласында «Самұрық-Қазына» компаниясының ұйымдастыруымен «Өзің дамы – еліңді дамыт» атты «Жас Самұрық – 2019» жастар слеті өтті. Іс-шараға «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясына қарасты мекемелерден 50-ден астам қызметкер қатысты. Олар жеке даму және корпоративтік еріктілік сияқты екі негізгі тақырыпты талқыға салды.

Сондай-ақ, Storytelling форматында ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің өкілдері, спортшылар, қоғам қайраткерлері, Самұрық-Қазына қор компанияларының топ-менеджерлері сөз сөйледі.

«ҚазМұнайГаз» ҰҚ АҚ Адами ресурстарды басқару жөніндегі басқарушы директоры Дәулетжан Хасанов слет қатысушыларымен өзінің кәсіби тәжірибесімен, басқару принциптерімен және табысқа жету жолдарымен бөлісті.

«Компанияның 3 басты ресурсы бар: қаржылық, материалдық және адами. Бүгінде компаниялардың айырмашылығы осы адами ресурсқа тікелей байланысты. Біз үшін адам – компанияның басты құндылығы болып табылады», – деді Дәулетжан Хасанов.

Сонымен қатар, ол Стивен Ковидің «7 навыков высокоэффективных людей», «Скорость доверия», Брайан Трейсидің «Выйди из зоны комфорта» сияқты кітаптарын оқуға кеңес берді.

«Әр адам өзіне нақты мақсат қою арқылы үлкен жетістікке жол ашады. Мақсатың 80% нәтиже берсе, жоспарыңа жеткенің. Өзінді дамытқаның – компанияның дамуы. Ал, компанияның дамуы – еліміздің көркеюі», – деп түйіндеді басқарушы директор.

Айта кетейік, аталмыш шараға Қазақстанның барлық өңірінде еңбек етіп жүрген

300-ден астам жас маман келген. Слет шеңберінде әр қатысушыға тіркеу нөмірі берілді. Және кейбіреуіне, кездейсоқ сандар генераторының көмегімен анықтау арқылы, спикерлердің оқуға кеңес берген кітаптары табысталды.

Сондай-ақ, «Самұрық-Қазына» қор компаниялары арасында «Prime games» интеллектуалды ойыны өткізілді.

«Жас Самұрық – 2019» компания топ-менеджерлері мен жастар арасындағы ашық пікірталас алаңына айналды. **М**

## Ембіліктер Мәскеуде болды

Ғалия ҚАРАЖАНОВА

«Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты барлық еңбек ұжымдарында «Мұнайшы қыз» әйелдер клубының ұйымдастыруымен қазақ поэзиясының падишасы, Қазақстан Республикасының халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, ақын

Фариза Оңғарсынованың 80 жылдығына арналған «Қазақтың аяулысы, перизаты, Өшпейді ешқашанда Фариза аты» атты поэзия кештері өткен болатын. Шарада ақынның өмір кезеңдерін бейнелейтін бейнероликтер көрсетіліп, өлең шумақтарынан үзінділер оқылды. Театрландырылған қойылым ұйымдастырылды. Компания басшылығының

қолдауымен шарада үздік деп танылған өнерпаз мұнайшылар – қызметкерлер Ф.Оңғарсынованың 80 жылдығына орай Мәскеу қаласындағы «Современник» театры сахнасында «Фариза» спектакліне жолдама алған болатын. Аталған мәдениет шарасы Ресей Федерациясындағы Қазақстан Республикасы елшілігінің ұйымдастыруымен өтті.

Сапар кезінде ембілік мамандар Қазақстанның Ресейдегі төтенше және өкілетті елшісі Иманғали Тасмағамбетовтің қабылдауында болды.

– Мәскеуге барып, өте ерекше әсер алдық. Ресейдегі Қазақстан елшісі, жерлесіміз, Иманғали Нұрғалиұлы Тасмағамбетов ағамызбен кездесуіміз біз үшін үлкен мәртебе. Одан қалса, Мәскеудің орталығында, «Современник» театрында елшілік ұйымдастырған қазақ поэзиясының падишасы, ақиық ақын Фариза апамыздың 80 жылдығына арналған кеші бізге ерекше рух берді.

Қазақстан актерлері Назгүл Қарабалина бастаған өнер майталмандары жалғыз бізге емес, сондай-ақ Мәскеу халқының жүректерінен орын алғаны соншалық, қимастықпен қоштасып жарты сағаттай орындарынан тұрып, қошемет көрсеткені қазақ деп соққан жүрегімізді елжіретті.

Қызықты сәттердің бірін айта кететін болсам, Мәскеу қаласын аралап жүргенімізде Қызыл алаңда жігіттермен қазақылығымызды

паш етейік деп гитарамен Фариза апамызды бір еске алып, Жылыойға сәлем әнін айтып, содан Шәмшінің әндерінен шырқап бір марқайып қалдық. Осындай мүмкіндік берген «Ембімұнайгаз» АҚ басшылығына ерекше алғыс айтқым келеді. Өйткені, жас мамандарды қолдап, алға ынталандырып келетінінің талай куәсі болып жүрміз, – дейді қайнарлық Мәулен Мұхамбеталиев.

– Ембіде армандар орындалады. Фариза Оңғарсынованың 80 жылдығына арналған Поэзия кешіне мен «Ембімұнайэнерго» басқармасының намысын қорғап қатыстым. Бірақ, бұл кезде басты жұлде Мәскеуге сапар екенін мүлдем білмедім.

Ал, Ресей Федерациясының астанасына сапар ұмытылмастай әсер қалдырды. Елшімізбен кездесіп, әңгіме айтып отыру – мен үшін үлкен бақыт. Әңгіме арқауы, әрине, Атырау туралы болды. Иманғали Нұрғалиұлы Тасмағамбетов өзге елде жүрсе де, оның елге деген сағынышы, жанашырлығы анық сезіліп тұрды.

Келесі күні театр сахнасында қойылған «Фариза» спектаклін тамашаладық. Айта кетсек, бұл – «Современник» сахнасында қойылған қазақ тіліндегі тұңғыш спектакль болды. Алған әсерімізді сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Өмірімде алғаш рет Қызыл алаңды көріп, «мен Мәскеуге тағы да оралам» деген өзіме уәде бердім, – дейді Айнагүл Гумарова. **М**



### МЕНШІК ИЕСІ:

«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ  
Газет Қазақстан Республикасы  
Ақпарат және коммуникациялар  
министрлігінде есепке қойылып,  
№ 17496-Г куәлігі берілген.

### Мекен-жайымыз:

010000, Нұр-Сұлтан қаласы,  
Д.Қонаев көшесі, 8 үй,  
16 қабат, 1617 бөлме.

✓ Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.

✓ Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды.

✓ «Мұнайлы мекен» газетінде жарияланған материалдар көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.

✓ Жарияланған суреттердің сапасына редакция жауап береді.

### Шығарылымды дайындауға қатысқандар:

Бағлан Айдашов – B.Aidashov@kmg.kz

Ұлан Смаилов – U.Smailov@kmg.kz

Рәмир Нигматулин – R.Nigmatulin@kmg.kz

Жаңагүл Серікова – Zh.Serikova@kmg.kz

Ақсана Джпарова – A.Japarova@kmg.kz

Лаура Задабекқызы – L.Zadabekkyzy@kmg.kz

Диана Қалқамбекова – D.Kalkambekova@kmg.kz

Байланыс телефоны: +7 (7172) 78 91 49

e-mail: [mm@kmg.kz](mailto:mm@kmg.kz)

Газет айына 1 рет шығады,  
Таралымы 10 000 дана

МЕРДІГЕР: «Samruk invest group» ЖШС  
Астана қ-сы, Сарыарқа даңғылы,  
41-үй, 476 кеңсе.  
Тел.: +7 (7172) 68 00 79